«СЫРДАРИЯ АУДАНДЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120600, Қызылорда облысы ,Сырдария ауданы,
Теренөзек кенті, Д.Қонаев көшесі №9 Б,
тел: 8 (72436) 21-2-70, 21-5-83, 22-0-12,
e-mail:syrdaryasobes@korda.gov.kz

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «СЫРДАРЬИНСКИЙ РАЙОННЫЙ ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ И СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ»

120600, Кызылординская область, Сырдарьинский район,
поселок Теренозек, улица Д.Конаева № 9 Б,
тел: 8 (72436) 21-2-70, 21-5-83, 22-0-12,
e-mail:syrdaryasobes@korda.gov.kz

№ 06-1/38
27 қаңтар 2026ж.

«Туран-Шах Қызылорда» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің басшысы С.Ауесоваға

Инватакси қызметіне қатысты

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі инватакси қызметі бойынша Сізбен 2025 жылы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу шартын жасасты. Осының негізінде мемлекеттік сатып алу заңнамасының талаптарына сәйкес 2026 жылдың қорытындысы шыққанға дейін қызметті үздіксіз жалғастыру үшін ағымдағы жылдың қаңтар-ақпан айларына ұзартуға келісім беруіңізді сұрайды.

Бөлім басшысы **А.Есмағанбетова**

Орындаған: А.Исаева
Моб.тел. 87071587891

Түсіндірме жазба

Сырдария аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, инватакси қызметін мемлекеттік сатып алу туралы төмендегіні мәлімдейді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16 бап, 3 тармақ, 35 тармақшасында: егер мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі, бірақ екі айдан аспайтын мерзім ішіндегі қажеттілігін қамтамасыз етуге қажетті осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде, уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жүзеге асырылатын жағдайда, мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттілікті осындай мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілік болса, жүзеге асырылады.

Осы тармақша өнім беруші өткен жылы жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданысын ұзартудан бас тартқан жағдайда, егер мұндай мемлекеттік сатып алу жылдың бірінші айы ішінде жүзеге асырылатын болса немесе тапсырыс беруші ағымдағы қаржы жылы ішінде құрылған (қайта ұйымдастырылған) жағдайда, бірақ екі айдан асырмай қолданылады» делінген.

Осы талаптарды негізге ала отырып, аудандағы жүріп-тұруы қиын тірек-қимыл аппараты бұзылған және көруі бойынша мүгедектігі бар адамдардың белгіленген пункттер мен обьектілерге баруға автокөлікке қажеттілігі туындағанына байланысты инватакси қызметіне мұқтаждығы бар екендігі ескерілуде.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде мемлекеттік сатып алуға инватакси қызметіне 2026 жылға бөлінген сома 9600000 теңге (*қосымша құн салығын қоспағанда*). Одан қаңтар – ақпан айларына 1331850 теңге (*қосымша құн салығын қоспағанда*) бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылуда. Себебі, конкурс нәтижесімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысы шыққанға дейін осы тәсіл қолданылды.

2026 жылдың қалған наурыз – желтоқсан айлары үшін 8268150 теңге (*қосымша құн салығын қоспағанда*) мемлекеттік сатып алу порталында конкурс жарияланады.

Бөлім басшысы **А. Есмағанбетова**